

"Мұнайлы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 238-қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 20 наурыздағы № 53-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 наурызда № 4779-12 болып тіркелді

Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мұнайлы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 238-қ қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3468 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11148 болып тіркелген), Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы ауданның әкімі

К. Кульджанов